

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті және оның аумақтық органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 13-2-Ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 18 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2748. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 28 шілдедегі № 809 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 28.07.2015 № 809 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізуді ретке келтіру және "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының кодексімен сәйкестікке келтіру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті және оның аумақтық органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулығы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті және оның аумақтық органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 25 шілдеде 1584-нөмірмен тіркелген) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 мамырдағы N 38-ө бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету және талдау басқармасы (Жұмашев Е.Е.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Көліктік бақылау комитеті

төрағасының орынбасары Қ.Б.Есжановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрлігінің
Көліктік бақылау комитеті және
оның аумақтық органдарының әкімшілік
құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу
жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрлігінің
Көліктік бақылау комитеті төрағасының
2004 жылғы 23 ақпандағы
N 13-2-Ө бұйрығымен бекітілді

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар
министрлігінің Көліктік бақылау комитеті және оның
аумақтық органдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар
туралы іс жүргізу жөніндегі нұсқаулығы 1. Жалпы ережелер**

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті және оның аумақтық органдарының лауазымдық тұлғаларының әкімшілік құқық бұзушылықтарды айқындау және қарау, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді ұйымдастыру бойынша қызметін, оларды қарау, орындау, шағымдау мерзімдерін, сондай-ақ іс жүргізуді ұйымдастыру мен шешімдердің негізді қабылдануына бақылау жасауды реттейді.

2. Нұсқаулық "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасының кодексына (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес әзірленді.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті және оның аумақтық органдарының (бұдан әрі - көліктік бақылау органдары) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізудің міндеттері әрбір істің мән-жайын уақытылы, жан-жақты, толық және объективті анықтау, оны Кодексқа сәйкес шешу, шығарылған қаулылардың орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалуына көмектескен себептер мен жағдайларды анықтау, әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу болып табылады.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу көліктік бақылау органдарында мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда іс жүргізуде орыс тілі немесе басқа да тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

5. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғалары қаралатын іс бойынша жүргізу тілін осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өздерінің қаулыларымен белгілейді.

6. Көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғалары әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде әкімшілік іс жүргізу бойынша құжаттамаға сілтеме тек қана Кодекстің нормаларына жасалуға тиісті.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауапкершілік

7. Жеке адамның осы Кодекс бойынша әкімшілік жауаптылық көзделген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

8. Көліктік бақылау органдарының лауазымды адамдары айқындайтын әкімшілік құқық бұзушылықтарға Кодексте көзделген құқық бұзушылықтар ж а т а д ы .

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.10.10 № 608 (ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

9. Әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс тұлғалар:

1) а қ ы л - е с і д ұ р ы с , ә к і м ш і л і к қ ұ қ ы қ б ұ з у ш ы л ы қ ж а с а у у а қ ы т ы н а о н а л т ы ж а с қ а ж е т к е н ж е к е а д а м ;

2) з а ң д ы т ұ л ғ а .

Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған шетел азаматтары, шетелдік заңды тұлғалар және азаматтығы жоқ адамдар жалпы негіздер бойынша әкімшілік жауаптылықта болады.

10. Әкімшілік жаза қолдануға құқық берілген көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғалары әскери қызметшілерге және әскери жиында жүрген азаматтарға, прокурорларға, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына, қаржы полициясы мен кеден органдарының қызметкерлеріне әкімшілік жаза қолданудың орнына айыптыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін құқық бұзушылықтар туралы материалдарды тиісті органдарға тапсыра алады.

Тәртіп туралы жарғылардың күші қолданылатын темір жол, теңіз, өзен көлігі

қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде мынадай құқық бұзушылық жасағаны үшін осы жарғыларға сәйкес:

темір жол көлігінің қызметкерлері - осы Кодекстің 439, 440, 411-баптарында, 477-бабының бірінші бөлігінде, 479, 480-баптарында көзделген құқық бұзушылық үшін;

теңіз көлігінің қызметкерлері - осы Кодекстің 441, 448, 449, 450-баптарында, 477-бабының екінші бөлігінде, 479, 480-баптарында көзделген құқық бұзушылық үшін;

өзен көлігінің қызметкерлері - осы Кодекстің 441, 450-453, 455-баптарында, 477-бабының екінші бөлігінде, 479, 480-баптарында көзделген құқық бұзушылық үшін тәртіптілік жауаптылықта болады.

3. Әкімшілік жаза және әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары

11. Әкімшілік жаза, көліктік бақылау органдарының лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және осындай құқық бұзушылық жасаған адамның Кодексте көзделген құқықтарынан айыруға немесе оны шектеуге саяды.

12. Көліктік бақылау органдарының лауазымды адамдарымен әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін мынадай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту жасау;
- 2) әкімшілік айыппұл салу;
- 3) алты айға дейінгі мерзімге лицензияның күшін тоқтата тұру.

13. Ескерту, әкімшілік айыппұл салу тек негізгі әкімшілік жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін. Ескерту әкімшілік жаза қолдануға уәкілетті көліктік бақылау органының лауазымды адамының жасалған құқық бұзушылыққа ресми түрде теріс баға беруінен және жеке немесе заңды тұлғаны құқыққа қарсы әрекетті болдырмау туралы сақтандырудан тұрады.

Ескерту жазбаша түрде осы Нұсқаулықтың 14-қосымшасына сәйкес жасалады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті төрағасының 2007 жылғы 28 наурыздағы N 52-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

14. Әкімшілік айыппұл (бұдан әрі - айыппұл) - әкімшілік құқық бұзушылық үшін Кодекстің ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда және шекте

, әкімшілік жаза қолдану кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшерінде сай келетін дәрежеде салынатын ақшалай жаза.

Айыппұл заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттің кірісіне өндіріп алынады.

15. Бір адам екі немесе одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде әрбір құқық бұзушылық үшін жеке-жеке әкімшілік жаза қолданылады.

Егер адам бір көліктік бақылау органының лауазымды тұлғасы қарайтын бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасаған болса, онда осы адамға сол және бір түрдегі жаза қолданылатын жағдайда жазаның түпкілікті мөлшері жазаның осы түрі үшін Кодекспен белгіленген ең үлкен үш еселік шегінен аса алмайды.

16. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған адам әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап бір жылдың ішінде осы жазаға ұшырады деп есептеледі.

17. Адам әкімшілік құқық бұзушылық жасаған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауапкершілікке тартылуға тиіс емес.

Созылып кеткен әкімшілік құқық бұзушылық кезінде адам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауапкершілікке тартылуға тиіс емес.

Егер адам екі ай мерзім өткенге дейін жаңа әкімшілік құқық бұзушылық жасаса, әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза қолдану мерзімінің өтуіне үзіліс жасалады. Мұндай жағдайларда мерзімді есептеу жаңа әкімшілік құқық бұзушылық анықталған кезден басталады.

4. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің ведомствоға қарастылығы, көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғаларының істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану жөніндегі құзыреті

18. Көліктік бақылау органдары Кодекске сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды және әкімшілік жаза қолданады.

Ескерту: 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.10.10 № 608 (ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

19. Көліктік бақылау органдарының қарауына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды оны жасауға уәкілетті көліктік бақылау органдарының лауазымды адамдары Кодекстің 548-бабында көзделген баптар бойынша жасайды.

Ескерту: 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация

министрінің 2011.10.10 № 608 (ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

20. Соттардың қарауына жатқызылған Кодекстің 541-бабында көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды оны жасауға уәкілетті көліктік бақылау органдарының лауазымды адамдары Кодекстің 636-бабында көзделген баптар бойынша ж а с а й д ы .

Ескерту: 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.10.10 № 608 (ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

21. Көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғалары әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етуге шаралар қабылдау үшін Кодекстің 620 , 626, 627, 628, 629, 630, 631, 632, 632-1-баптарын басшылыққа алады.

22. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша қ а р а л а д ы .

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер көлік құралдары, кемелер, оның ішінде шағын өлшемді кемелер есепке алынған жер бойынша немесе оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша қаралуы мүмкін.

Көліктік бақылау органының лауазымды тұлғасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде мына мәселелерді:

1) бұл істі қарау оның құзыретіне жататынын;
2) лауазымды тұлғаның бұл істі қарау мүмкіндігін болдырмайтын м ә н - ж а й л а р д ы ң б о л у ы н ;

3) Кодексте көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен басқа хаттамалардың дұрыс жасалғанын, сондай-ақ істің өзге де материалдарының д ұ р ы с р е с і м д е л г е н і н ;

4) іс бойынша жауапкершілікті болдырмайтын мән-жайлардың, сондай-ақ адамды әкімшілік жауапқа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлардың болуын;

5) кепілдеменің және бас тартудың болуын;

6) Кодекстің 584 - 588-баптарында көрсетілген адамдарға істің қаралатын орны мен уақыты туралы хабарланғанын анықтайды.

Ескерту: 22-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2006.03.17 N 21-2-Ө, 2011.10.10 № 608 (ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауына жіберілген лауазымды тұлға бұл істі мына жағдайларда қарай алмайды, егер осы тұлға:

1) жауапқа тартылған немесе жәбірленген адамның, оның заңды өкілінің, қорғаушысының немесе өкілінің туысы болып табылса;

2) істің шешілуіне жеке, тікелей немесе жанама мүдделі болып табылса.

Осы Нұсқаулықтың осы тармағында көзделген мән-жайлардың болған кезінде лауазымды тұлға өзінің бас тартатыны туралы мәлімдейді.

Осы Нұсқаулықтың осы тармағында көзделген мән-жайлардың болған кезінде өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам, қорғаушы және өкіл, прокурор лауазымды тұлғадан бас тартатынын мәлімдейді.

Өздігінен бас тарту, бас тарту туралы өтініш жоғары тұрған лауазымды тұлғаға табыс етіледі, ол оны келіп түскен күннен бастап бір тәулік ішінде қарайды және қараудың нәтижелері бойынша өтінішті қанағаттандыру туралы, не оны қанағаттандырудан бас тартуы туралы ұйғарым шығарады.

24. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер көліктік бақылау органдарында әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің өзге де материалдарын алған күннен бастап он бес күндік мерзімде қаралады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысушылардан кепілдеме түскен жағдайда, не істің мән-жайын қосымша анықтау қажет болған кезде істі қараушы лауазымды тұлға істің қаралу мерзімін ұзартады, бірақ ол мерзім бір айдан аспайды.

25. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және істер бойынша қаулы шығару кезінде көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғалары Кодекстің нормаларын басшылыққа алады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыға қаулы шығарған лауазымды тұлға қол қояды және іс қаралып біткен соң дереу жарияланады.

Қаулының көшірмесі, оған қатысты қаулы шығарылған жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне, сондай-ақ олардың сұрауы бойынша жәбірленушіге, жеке адамның заңды өкіліне дереу тапсырылады. Аталған адамдар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап үш күн ішінде жіберіледі.

26. Істі қараушы көліктік бақылау органының лауазымды тұлғасы әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтаған кезде тиісті ұйымдарға және лауазымды адамдарға оларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныс енгізеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға Кодексте белгіленген тәртіпте және мерзімде мүдделі адамдар шағым жасай алады, сондай-ақ прокурор наразылық келтіре алады.

5. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс қозғау

27. Көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғаларымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау мына жағдайларда жүзеге асырылады:

1) уәкілетті лауазымды тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін т і к е л е й а н ы қ т а ғ а н ;

2) құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан материалдар түскен;

3) жеке және заңды тұлғалардың хабарламасы немесе мәлімдемелері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар болған.

Әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіз болып табылады. Әкімшілік құқық бұзушылық іс әкімшілік құқық бұзушылық жасалу туралы хаттама жасаған немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы прокурордың қаулысы шыққан сәттен бастап қозғалды деп саналады.

28. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы көліктік бақылау органының лауазымды тұлғасы осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес н ы с а н д а ж а с а й д ы .

Ескерту немесе айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда, егер айыппұл бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспаса және адам (жеке тұлға, орган немесе заңды тұлғаның басқару функциясын жүзеге асыратын адам) құқық бұзушылық жасау фактісін мойындаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды. Ескерту түріндегі жазаны соған уәкілеттік берілген лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде ресімдейді. Айыппұл түрінде жаза қолданылған жағдайда қатаң қаржылық есептілік құжаты болып табылатын, белгіленген үлгідегі түбіртек беруді соған уәкілеттік берілген лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жүзеге асырады. Бұл ретте берілген істі қарауда уәкілетті тұлға Кодекске сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы і с ж ө н і н д е қ а у л ы ш ы ғ а р а д ы .

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам ескертудің немесе төлем құжатының екінші данасына қол қою арқылы қолданылған жазаға өзінің к е л і с е т і н і н р а с т а й д ы .

Сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу прокурордың қаулысымен қозғалған жағдайларда хаттама жасалмайды.

Егер адам оған осы тармақтың екінші абзацында белгіленген тәртіпте жүктелген жазаға қарсы дауласса, Кодекстің 635-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық т у р а л ы х а т т а м а ж а с а л а д ы .

Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 21-2-Ө бұйрығымен .

29. Оларға қатысты іс қозғалған жеке тұлғаға, заңды тұлғаның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың көшірмесі, оны жасағаннан кейін дереу қол қойдыра отырып тапсырылады.

30. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылық жасалғандығы ашылғаннан кейін дереу жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайын, оларға қатысты іс қозғалған жеке адамның тұлғасын немесе заңды адам туралы мәліметтерді және заңды адамның заңды өкілінің тұлғасын қосымша анықтау талап етілген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құқық бұзушылық ашылғаннан сәттен бастап үш тәулік ішінде жасалады.

Ескерту: 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 21-2-Ө бұйрығымен .

31. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезден бастап үш күн ішінде сотқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті, көліктік бақылау органының лауазымды адамына қарауға жіберіледі.

Ескерту: 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 21-2-Ө бұйрығымен .

32. Хаттаманы құқықсыз адам жасаған жағдайда, хаттама дұрыс жасалмаған және істің басқа материалдары дұрыс ресімделмеген кезде, сондай-ақ Кодекстің 646-бабының 1-бөлімі 4-тармақшасында көзделген өзге де жағдайларда хаттаманың және басқа материалдардың кемшілігі, оларды соттан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараушы органнан (лауазымды адамнан) алған күннен бастап үш тәуліктен аспайтын мерзімде жойылады.

Жөндеген хаттама және істің басқа материалдары, оларға енгізілген өзгерістермен бірге сотқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараушы органға (лауазымды адамға) кемшіліктерді жойған күннен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі.

33. Алып қойылған заттар мен құжаттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға дейін, алып қоюды жүргізген лауазымды адамның анықтаған жерінде сақталады .

Іс қаралғаннан кейін алып қойылған құжаттар мен заттар, шығарылған қаулыға сәйкес, иесіне қайтарылады немесе тәркіленеді, немесе өткізіледі немесе сақталады немесе белгіленген тәртіпте жойылады.

34. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу Кодекстің 33- 35 тарауларында көзделген тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылады.

6. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің шараларын қабылдау

35. Әкімшілік құқық бұзушылықты тыю, оны жасаған күдікті адамның тұлғасын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде хаттаманы жасау мүмкін емес жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау, істің уақытылы және дұрыс қаралуын және іс бойынша қабылданған қаулының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында көліктік бақылау органының уәкілетті лауазымды адамы өз өкілеттігі шегінде жеке адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің мынадай шараларын қолданады:

1) жеке адамға қатысты:

заңды адамды әкімшілік қамау, бұл ретте осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттама жасалады;

жеке адамды тексеріп қарау және көлік құралын, шағын көлемді кемені және заттарды тексеріп қарау, бұл ретте осы Нұсқаулықтың 4, 12-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша хаттамалар жасалады;

құжаттар мен заттарды алып қою, бұл ретте осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттама жасалады;

көлік құралын, шағын көлемді кемені басқарудан аластату және алкогольге, есірткіге иіске масаю жағдайын куәландыру, бұл ретте осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттама жасалады;

көлік құралын немесе шағын көлемді кемені қамау, бұл ретте осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акт жасалады;

2) заңды адамға қатысты:

заңды адамға тиесілі жайларды, аумақтарды, ондағы жатқан тауарларды, көлік құралдарын және өзге мүліктерді, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру, бұл ретте осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттама жасалады;

заңды адамға тиесілі құжаттарды алып қою, бұл ретте осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттама жасалады;

заңды адамға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу немесе алып қою бұл ретте осы Нұсқаулықтың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттама жасалады.

Ескерту: 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 21-2-Ө бұйрығымен .

36. Лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің шараларын заңсыз қолданудан шектірген зиян үшін

жауапкершілік

алады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің шараларын қолдануға Кодекстің 633-бабының ережелері бойынша шағым жасауға болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің шаралары Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақта көрсетілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу кезінде Нұсқаулыққа қоса берілген нысандар бойынша хаттамалар, актілер жасалады.

7. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуы

37. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, егер оған шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, шағым беру үшін белгіленген мерзім біткеннен кейін;

2) шағым, наразылық бойынша ұйғарым шығарылғаннан кейін, сондай-ақ Кодекстің 664-бабында көзделген жағдайда қаулы шығарылғаннан кейін дереу заңды күшіне енеді.

38. Айыппұлды әкімшілік жауапқа тартылған адам әкімшілік айыппұл салу туралы қаулы заңды күшіне енген күннен бастап не Кодекстің 701-бабында көзделген кейінге қалдыру мерзімі өткен күннен бастап отыз күннен кешіктірмей төлеуге тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін салынған айыппұлды мемлекеттік бюджетке белгіленген тәртіппен жеке адам енгізеді немесе заңды тұлға аударды.

Жеке және заңды тұлғаларға айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлеп орындату Кодекстің 708 , 709-баптарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ол бойынша айыппұл өндіру толық жүргізілген айыппұл салу туралы қаулы осы қаулыны шығарған органға орындалғаны туралы белгімен кері қайтарылады.

8. Іс қағаздарын жүргізу және бақылауды ұйымдастыру

39. Осы Нұсқаулықта көрсетілген және көліктік бақылау органдары әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс жүргізу кезінде қолданатын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалардың, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулылардың және айыппұл түбіртектерінің бланкілері қатаң есептегі бланкілер болып табылады және оларды Комитет және оның аумақтық

о р г а н д а р ы

ә з і р л е й д і .

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қаулылар бланкілерінің және айыппұл түбіртектерінің баспаханалық есептеу сериялары мен нөмірлері болуы тиіс.

Ескерту: 39-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті Төрағасының 2005 жылғы 11 қарашадағы N 79-ө , 2007 жылғы 28 наурыздағы N 52-Ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

40. Аумақтық көліктік бақылау органдарының басшылары өз жерлерінде қатаң есептегі бланкілердің сақталуына және олардың өз мақсатында пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етеді.

41. Әкімшілік жауапқа тартылған құқық бұзушыларға жасалған нұсқамаларды, хаттамаларды, актілерді есепке алу журналы аумақтық көліктік бақылау органы басшысының бұйрығымен анықталған жауапты адамда сақталады және тігілген, нөмірленген және сол органның мөрімен мөрленген болуы тиіс.

42. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін көліктік бақылау органдарының құзыретіне берілген ықпал ету шараларын қолдануды Кодекстің нормаларын дұрыс қолдануға және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге бақылауды Көліктік бақылау комитетінің төрағасы және оның орынбасарлары, аумақтық көліктік бақылау органдарының басшылары жүргізеді.

4 3 . М ы н а л а р :

1) көліктік бақылау органдарында әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаларды дәл және біртекті қолдануды қамтамасыз ету;

2) әкімшілік заңнаманы қолдану кезінде азаматтардың, лауазымды тұлғалардың және ұйымдардың бұзылған құқықтарын және заңды мүдделерін қ а л п ы н а к е л т і р у ;

3) азаматтардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізумен байланысты кез-келген актіге шағым беру құқығын қамтамасыз ету;

4) әкімшілік заңнамаларды қолдану кезінде заңдылықтың бұзылуына кінәлі көліктік бақылау органдарының лауазымды тұлғаларына шаралар қабылдау бақылаудың негізгі мақсаты болып табылады.

44. Комитет көліктік бақылау органдарының аумақтық бөлімшелерінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу мәселелері бойынша құқық қолдану қызметіне тексеруді ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрлігінің
Көліктік бақылау комитеті және оның

аумақтық органдарының әкімшілік
құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу
жөніндегі нұсқаулығына 1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.10.10 № 608 (ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2010.09.29 № 440 (4-т.) Бұйрықтарымен.

нысан

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама

Протокол об административном правонарушении

№ _____ ТК 00000001

_____ 20__ ж."__" _____ сағат ___ минут
Жасалған орны /Место составления часов минут

Мен _____

Я, көліктік бақылау органы / должность и Ф.И.О. сотрудника
қызметкерінің лауазымы мен аты-жөні / органа транспортного контроля

Осы хаттаманы жасауымның себебі азамат (ша)

Составил настоящий протокол о том, что гражданин (ка)

Тегі _____ Аты _____

Фамилия|_____| Имя|_____|

Әкесінің аты _____ Азаматтығы _____

Отчество|_____| Гражданство _____

Туған күні, айы, жылы _____ Тұратын жері _____

Число, месяц, год рождения Место жительства

Жеке басын куәландыратын құжат/ Документ, удостоверяющий личность

№ _____ берген орган _____ күні, айы, жылы _____

выдан _____ число, месяц, год _____

Ж С Н / Б С Н _____

ИИН/БИН|_____|

Жұмыс орны _____

Место работы _____

Заңды тұлғаның атауы және ұйымдастыру-құқықтық нысаны _____

Организационно-правовая форма и наименование юридического лица _____

Орналасқан жері _____ Банк деректемелері _____

Место нахождения Банковские реквизиты _____

Мемлекеттік тіркеудің күні және нөмірі _____

Дата и номер государственной регистрации

Жасалған тілі _____

Язык производства

Анықтадым / Установил:

Тексеру барысында анықталған / Место, дата, время совершения и
әкімшілік заңнама сущность обнаруженных в ходе проверки
бұзушылықтардың болған орны, нарушений административного
күні, уақыты және мазмұны законодательства

Осы құқық бұзушылық үшін жауапкершілік көзделген Қазақстан
Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің бабы (
б а п т ы ң т а р м а ғ ы)

Статья (пункт статьи) Кодекса Республики Казахстан «Об административных
правонарушениях», предусматривающая ответственность за данное
правонарушение: _____

Мына куәгерлердің/айғақ адамдардың қатысуымен
В присутствии свидетелей/понятых:

1. _____
аты-жөні, тұратын жері, / Ф.И.О., место жительства,
